



Бағдарлама жобасын қоғамдық талқылауға арналған сілтеме

[https: // center-nit.kz](https://center-nit.kz)

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беру мектептерінің
мұғалімдеріне арналған

**«Инклюзивті білім беру: ерекше білім беру қажеттіліктері бар
балалардың білім беру қажеттіліктерін бағалау және психология-
педагогикалық қолдау»**

атты педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сағат саны: 80 ак.сағ.

Алматы 2024

1. Жалпы ережелер

1. «Инклюзивті білім беру: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім беру қажеттіліктерін бағалау және психология-педагогикалық қолдау» біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін мектептерде мұғалімдердің біліктілігін арттыруға арналған. Бағдарлама инклюзивті білім беру саласында жұмыс істейтін жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерін даярлауды реттейді, олар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге қажетті дағдылар мен білімалады.

2. Осы педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын ескере отырып сәйкес әзірленді.

3. Бағдарламаның өзектілігі инклюзивті білім беру жүйесінің маңызды аспектілерін қамтуымен байланысты. Бүгінгі күні ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сапалы білім беру қажеттілігі артып отыр. Бұл бағдарлама мұғалімдердің арнайы білім мен дағдыларды игеріп, инклюзивті білім беру саласында жұмыс істеуге дайын болуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, қоғамда тең құқықты білім алу мүмкіндіктерін кеңейту, ерекше қажеттіліктері бар балалардың толыққанды дамуына жағдай жасау және олардың әлеуметке бейімделуіне септігін тигізу мақсатында жүзеге асырылады.

4) Курстық жұмыстың ұзақтығы 80 академиялық сағат – 14 күн, оның әрқайсысы күніне 2 сағаттан (8 академиялық сағат) 4 сабақтан тұрады.

Кәсіби даму қажеттіліктерін анықтау мақсатында «Білім және жаңа инновациялық технологиялар орталығы» Қазақстан Республикасы жалпы білім беру мектептерінің 5 841 педагогы арасында сауалнама жүргізді. Сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің тек 17%-ы кәсіби қиындықтарға тап болмағандығы анықталд. Қалған қатысушылар өздерінің құзыреттіліктерін кеңейту қажеттілігін сезінетін, бірнеше негізгі салаларды атап өтті, олардың ішінде:

Педагогикалық дағдыларды жетілдіру – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу үшін арнайы педагогикалық тәсілдер мен әдіс-тәсілдерді меңгеру.

Психологиялық дайындық – ерекше балалардың эмоционалдық және әлеуметтік жағдайларын түсіну, психологиялық тұрғыда қолдау көрсету үшін қажетті білім мен дағдыларды дамыту.

Дифференциация мен индивидуализация – әр оқушының ерекшеліктеріне негізделген оқу бағдарламаларын әзірлеу және оқу процесін әр баланың жеке қажеттіліктеріне бейімдеу.

Құқықтық білім – инклюзивті білім беру саласындағы құқықтық нормалар мен стандарттарды білу, ерекше қажеттіліктері бар балалардың құқықтарын қорғау.

Командалық жұмыс дағдылары – ата-аналармен, психолого-педагогикалық қызметкерлермен және басқа да білім беру мамандарымен тиімді ынтымақтастықты орнату.

Бағалау және мониторинг – білім алушылардың жетістіктерін дұрыс бағалау және олардың дамуын мониторингтеу үшін қажетті дағдыларды дамыту.

Бұл нәтижелер педагогтардың жалпы білім беру мектептерінде инклюзивті білім беру бойынша кәсіби дайындықты арттыру қажеттілігін айқындайды.

Бұл сауалнама педагогтар маңызды деп белгілеген бағыттарды дамыту және ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға білім беруді қамтамасыз ету үшін қажетті білім беру сапасын арттыруға арналған курстық бағдарламаның мазмұнын құруға негіз болды.

2. Глоссарий

Ауытқушылықтың бірнеше түрі бар балалар – денсаулығында немесе дамуы бойынша түрлі қиындықтарға ие балалар. Мұндай балалармен жұмыс істеу арнайы білім беру әдістерін қажет етеді.

Бейімді оқыту – оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оқу бағдарламалары мен әдістерін икемдеу.

БЖБ (Бөлім бойынша бағалау) – оқушылардың білім деңгейін бөлім бойынша бағалау әдісі.

Диагностика – оқушының психологиялық және педагогикалық жағдайын анықтау процесі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар – оқу процесінде қосымша қолдау мен арнайы әдістерді қажет ететін балалар.

Жеке білім беру бағдарламасы – әр оқушының жеке ерекшеліктеріне, қажеттіліктеріне және мүмкіндіктеріне сәйкес әзірленген білім беру жоспары.

Зейін – оқушының белгілі бір тапсырмаға немесе жағдайға көңіл аудару қабілеті.

Инклюзивті білім беру – барлық балалардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың, бірдей білім алу мүмкіндігіне ие болуы үшін арнайы ұйымдастырылған білім беру жүйесі.

Инклюзивті білім беру жүйесі – жалпы білім беру мекемелерінде барлық оқушыларды бірдей деңгейде біліммен қамтуға арналған жүйе.

Кәсіби құзыреттілік – педагогтің білім беру саласындағы білімі, дағдылары, тәжірибесі мен қабілеттері.

Логопед – сөйлеу, тіл дамыту саласында жұмыс істейтін маман. Логопед ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың сөйлеу қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Мүмкіндігі шектеулі оқушылар – физикалық, психикалық немесе әлеуметтік дамуында ауытқулары бар балалар.

Нормативтік-құқықтық құжаттар – инклюзивті білім беру жүйесіне қатысты заңдар мен ережелер.

Оқу бағдарламалары – мектептегі білім беру процесін ұйымдастыруға арналған жүйелі құжаттар.

Психофизиологиялық ерекшеліктер – адамның психологиялық және физиологиялық дамуын сипаттайтын белгілер.

Рефлексия – өз тәжірибесін талдау және бағалау процесі.

Сөйлеу терапиясы – тіл мен сөйлеуді дамытуға бағытталған арнайы педагогикалық көмек.

ТЖБ (Тақырыптық жоспар бойынша бағалау) – оқушылардың білім деңгейін тақырып бойынша бағалау жүйесі.

Физикалық даму – балалардың дене құрылымындағы және денсаулығындағы өзгерістер мен даму.

3. Бағдарламаның тақырыбы

Бағдарламаның жанашылдығы

Инклюзивті білім беру саласында педагогтардың кәсіби білім мен дағдыларын жетілдіру мақсатында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды толыққанды дамытуға арналған жаңа тәсілдерді ұсыну арқылы білім беру сапасы арттыру болып табылады.

Бағдарлама инклюзивті білім беру жүйесіне бейімделген жаңа әдіс-тәсілдер мен технологияларды ұсынады. Әр баланың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту стратегияларын таңдау мен қолдану мұғалімдерге ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Мұғалімдерге балалардың психоэмоционалды және әлеуметтік дамуын ескеретін психологиялық сүйемелдеу әдістері үйретіледі. Бұл балаларды тек академиялық тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан да дамытуға ықпал етеді.

Бағдарлама 4 модульден тұрады

Модуль 1. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету	1.1 ҚР жалпы білім ұйымдарында инклюзивті білім беру жүйесіндегі нормативтік-құқықтық заңнамалар
	1.2 Жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың оқу-тәрбие үрдісінде педагог қызметін реттейтін құқықтық база мен құжаттар
Модуль 2. Психологиялық-педагогикалық	2.1 Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу
	2.2 Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру (психолог, арнайы педагог, логопед, педагог-ассистент)
	2.3 Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың психология-педагогикалық диагностикасы
Модуль 3. Мазмұны	3.1 Инклюзивті білім берудің әлемдік тәжірибесі. Инклюзивті білім беруді іске асыратын жалпы білім беретін мектеп мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі.

	3.2 Орта білім беру ұйымдарындағы инклюзивті білім беру жүйесінің ерекшеліктері
	3.3 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар (жеңіл және орташа ауырлық дәрежесі) — бұл ұғымның анықтамасы, сондай-ақ балалардағы интеллектуалды дамудың бұзылу себептері. Интеллектуалды кемістігі бар балалардағы психикалық танымдық процестердің ерекшеліктері.
	3.4 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар топтарының сипаттамасы.
	3.5 Мектеп жасындағы балалардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне сипаттама. Оқудағы қиындықтардың себептерін сипаттау.
	3.6 Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау алгоритмі.
	3.7 Оқу бағдарламаларын дамыту, жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу.
	3.8 Бейімді оқытудың тәсілдері мен әдістері. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау.
	3.9 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға бейімделген бағдарлама негізінде ТЖБ, БЖБ тапсырмалары. Қысқа мерзімді жоспарларды құру жолдары.
	3.10 Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытудың бейімделген бағдарламасы негізінде ҚМЖ құрастыру мен БЖБ, ТЖБ, тапсырмаларын дайындау және олардың дамуы мен әлеуметтік бейімделуіндегі ауытқуларды оңалтуды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру
	3.11 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамыту үшін ойын әрекеттерін пайдалану.
	3.12 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларда интравербализация дағдыларын қалыптастыру
	3.13 Ауытқушылықтың бірнеше түрі бар балалармен жұмыс
Модуль 4. Қорытынды модуль	4.1 Өзін-өзі бағалау және рефлексия
	4.2 Теориялық тест
	4.3 Практикалық тапсырма
	4.64 Кері байланыс және курсты аяқтау

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Бағдарламаның мақсаты

Бұл бағдарлама жалпы білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру жүйесін тиімді жүзеге асыру үшін педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыруды мақсат етеді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін, олардың білім беру

қажеттіліктерін бағалау және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету дағдыларын дамыту арқылы, мұғалімдердің инклюзивті білім беру саласында кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, инклюзивті білім берудің әлемдік тәжірибесіне негізделген әдіс-тәсілдер мен оқыту бағдарламаларын енгізу арқылы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың білім алу нәтижелерін жақсартуға ықпал ету.

Бағдарламаның міндеттері

- 1.Инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық заңнамаларды меңгеру.
- 2.Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу.
- 3.Психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру дағдыларын дамыту.
- 4.Оқушылардың психологиялық-педагогикалық диагностикасын жүргізу.
- 5.Инклюзивті білім берудің әлемдік тәжірибесін зерттеу және қолдану.
- 6.Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға бейімделген оқу бағдарламаларын әзірлеу.
- 7.Оқу нәтижелерін бағалау және оқыту әдістерін бейімдеу.
- 8.Қиындықтары бар балалармен жұмыс істеу әдістерін меңгерту.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

- 1.Инклюзивті білім беру саласындағы заңнаманы қолдануды меңгереді.
- 2.Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ерекшеліктерін дұрыс бағалай алады.
- 3.Психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыра біледі.
- 4.Психологиялық диагностика жүргізіп, тиісті нәтижелерді қолдана алады.
- 5.Инклюзивті білім берудің әлемдік тәжірибесін өз жұмыстарында пайдалана отырып, жұмыс сапасын арттырады
- 6.Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған оқу бағдарламаларын әзірлеу процессін жетілдіреді
- 7.Оқушылардың білім алу нәтижелерін бағалау мен оқыту әдістерін тереңірек игерді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 5 модульден тұрады:

Модуль 1.Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

- 1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
Бұл заң білім беру жүйесінің барлық аспектілерін реттейді, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға тең мүмкіндік беру үшін түзетулер мен қосымшалар енгізілді. Заңда инклюзивті білім беру концепциясы, арнайы білім беру бағдарламалары, арнайы педагогикалық көмек көрсету мәселелері қарастырылған.
- 2.Қазақстан Республикасының «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы»
Бұл заң ерекше қажеттіліктері бар адамдарға әлеуметтік қызметтер көрсету механизмдерін бекітеді. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған.
- 3.Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі

Ұлттық жоспар

Бұл жоспар инклюзивті білім беруді дамыту мақсатында қабылданған маңызды құжат болып табылады. Ол ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейту, мектептерде инклюзивті білім беру жүйесін дамыту шараларын қамтиды.

4.«Педагог мәртебесі туралы»

Педагогтардың мәртебесін арттыру мақсатында қабылданған заңда педагогикалық қызметтің барлық аспектілері реттеледі, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтарға қатысты талаптар мен қолдау шаралары қарастырылады.

5.Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі

Ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарының еңбек құқықтарын қорғау және олардың әлеуметтік қорғау мәселелері қамтылған. Бұл заңда жұмыс орындарында тең мүмкіндіктер жасау, жұмыс орнындағы арнайы жағдайлар мен көмекті қамтуға бағытталған өзгерістер бар.

6.Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама

Бұл бағдарлама ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейту, инклюзивті білім беру жүйесін дамыту, педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында жүзеге асырылатын жобаларды қамтиды.

7.Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау және әлеуметтік қорғау саласындағы жаңа бастамалар туралы» Ұлттық стратегия

Бұл құжатта ерекше қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік қолдауы мен қорғауын қамтамасыз ету, инклюзивті қоғам құру бағытындағы маңызды шаралар қамтылған.

8.Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы
Ерекше қажеттіліктері бар балаларды медициналық, психологиялық және педагогикалық қолдау бойынша арнайы қызметтерді дамытуға қатысты нормативтік актілер қабылданған. Бұйрықта педагогикалық қызметтің психологиялық-педагогикалық қолдау мен аралас бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша міндеттер белгіленген.

Модуль 2. Психолого-педагогикалық құзыреттілік

2.1 Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың психологиялық және педагогикалық ерекшеліктері терең талданады. Тыңдаушылар балалардың дамуындағы ауытқулар мен ерекше қажеттіліктерді анықтаудың әдіс-тәсілдерін үйренеді. Сонымен қатар, балалардың когнитивті, эмоционалдық, әлеуметтік және мінез-құлықтық дамуындағы ерекшеліктерді зерттеу, олардың білім алу қиындықтарын түсіну үшін қажет болатын психологиялық-педагогикалық диагностиканы жүргізу дағдылары меңгеріледі. Бұл бөлім ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тиімді оқыту мен тәрбиелеу үшін қажетті білімді ұсынады.

2.2 Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдауды

ұйымдастыру (психолог, арнайы педагог, логопед, педагог-ассистент): Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жүйесін ұйымдастырудың негізгі аспектілері қарастырылады. Психологтар, арнайы педагогтар, логопедтер және педагог-ассистенттер арасындағы өзара әрекеттесу және бірлескен жұмыс маңызды рөл атқарады. Тыңдаушылар бұл мамандардың әрқайсысының функциялары мен міндеттерін, сондай-ақ олардың оқушының дамуындағы түрлі қиындықтарды жеңуге бағытталған әрекеттерін үйренеді. Психологиялық қолдау баланың эмоциялық күйін, сенімділік деңгейін арттыру, әлеуметтік дағдыларын дамыту және оқу үдерісін оңтайландыруға көмектеседі. Арнайы педагогтар мен логопедтер сөйлеу және тіл дамуының бұзылуын түзету бойынша арнайы бағдарламалар мен әдістерді қолдануды меңгереді.

2.3 Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасы:

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасын жүргізудің әдістері мен құралдары қарастырылады. Тыңдаушылар балалардың психологиялық жағдайын және оқу барысында туындайтын қиындықтарды анықтау үшін қолданылатын диагностикалық әдістерді (анкеталар, тесттер, бақылаулар, интервьюлер және т.б.) меңгереді. Диагностика нәтижесінде алынған деректер балалардың даму деңгейін, оқу процесіндегі қиындықтарын және жеке қажеттіліктерін нақты анықтауға мүмкіндік береді. Бұл бөлімде диагностика нәтижелеріне негізделген нақты түзету шараларын ұсыну әдістері де қарастырылады. Педагогтар мен психологтар диагностикалық қорытындыларды оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бейімдеуге қолдануды үйренеді.

Модуль 3.Мазмұны

3.1 Инклюзивті білім берудің әлемдік тәжірибесі. Инклюзивті білім беруді іске асыратын жалпы білім беретін мектеп мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі. Бұл бөлімде инклюзивті білім берудің әлемдегі озық тәжірибелері зерттеледі. Әлемнің түрлі елдеріндегі инклюзивті білім беру жүйелері мен оларды жүзеге асыру тәсілдері қарастырылады. Инклюзивті білім беру концепциясы мен оның принциптері, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жалпы білім беру жүйесіне қалай интеграцияланатыны талданады.

Тыңдаушылар, инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін қажетті кәсіби құзыреттіліктерді меңгереді. Мұғалімнің инклюзивті білім беру жүйесіне бейімделу қабілеті, әртүрлі оқушылардың білім алу ерекшеліктеріне сәйкес оқыту әдістері мен құралдарын қолдану, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жеке көзқарас таныту дағдылары маңызды болып табылады. Мұғалімдер инклюзивті білім беру саласындағы ең жақсы тәжірибелермен таныса отырып, оларды өз оқу үдерісінде қолдануды үйренеді. Сонымен қатар, әлемдегі инклюзивті білім беру жүйелерін талдай отырып, Қазақстандағы білім беру жүйесіне бұл тәжірибелерді енгізу жолдары қарастырылады. Бөлімде инклюзивті білім беру тұжырымдамасын

кабылдаған елдердегі түрлі модельдер мен тәсілдер туралы ақпарат беріледі, және мұғалімдердің бұл үдерістерді қалай тиімді жүзеге асыра алатыны туралы түсінік қалыптасады.

3.2 Орта білім беру ұйымдарындағы инклюзивті білім беру жүйесінің ерекшеліктері

Орта білім беру ұйымдарындағы инклюзивті білім беру жүйесінің негізгі ерекшеліктері мен принциптері қарастырылады. Инклюзивті білім беру - барлық балаларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға да, тең қолжетімді білім беру мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған жүйе. Орта білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру жүйесін енгізу кезінде мынадай маңызды ерекшеліктерді атап өтуге болады: Тең мүмкіндіктер жасау- инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім беру үдерісіне толыққанды қатысу мүмкіндігін береді. Бұл балалардың әртүрлілігі мен қажеттіліктеріне сәйкес оқу бағдарламалары мен әдіс-тәсілдер қолданылуы керек.

Қолайлы орта- оқушылардың психологиялық, физиологиялық және әлеуметтік дамуына сәйкес бейімделген оқу ортасын құру маңызды. Бұл балалардың жеке қажеттіліктеріне, оқу және даму мүмкіндіктеріне қарай арнайы ресурстар мен құралдар арқылы қамтамасыз етіледі.

Әр түрлі білім беру әдістері инклюзивті білім беру жүйесінде мұғалімдер әртүрлі оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту әдістерін бейімдейді. Оқушыларға жеке көзқарас таныту, дифференциалды оқыту, модификацияланған оқу материалдарын пайдалану және оқу процесін жеңілдететін техникалық құралдар мен ресурстар қолдану дағдыларын дамыту қажет.

Кәсіби мамандардың жұмысы- инклюзивті білім беру жүйесінде педагогтар, психологтар, логопедтер, арнайы педагогтар және педагог-ассистенттер арасындағы ынтымақтастық маңызды рөл атқарады. Олар әр балаға жеке психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету үшін бірлесіп жұмыс істейді. Қоғамдық интеграция және әлеуметтік бейімделу- инклюзивті білім беру тек оқушылардың білім алуын ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды мектептегі жалпы ортаға интеграциялау олардың әлеуметтік бейімделуін, қарым-қатынас дағдыларын және психологиялық саулығын жақсартуға көмектеседі.

Мониторинг және бағалау- инклюзивті білім беру жүйесінде балалардың оқу нәтижелері мен әлеуметтік интеграциясының тиімділігін үнемі бақылап, бағалау қажет. Бұл мақсатта арнайы диагностикалық құралдар мен әдістер қолданылып, әр баланың даму динамикасы қадағаланады.

Құзыреттілік пен дайындық- орта білім беру ұйымдарындағы мұғалімдер инклюзивті білім берудің ерекшеліктерін түсініп, осы салада жоғары кәсіби құзыреттілікке ие болуы керек. Олар инклюзивті білім беру әдістерін, балалармен жұмыс істеу тәсілдерін, ерекше қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету құралдарын меңгеруі тиіс.

3.3 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар (жеңіл және орташа

ауырлық дәрежесі) -бұл ұғымның анықтамасы, сондай-ақ балалардағы интеллектуалды дамудың бұзылу себептері. Интеллектуалды кемістігі бар балалардағы психикалық танымдық процестердің ерекшеліктері.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың (жеңіл және орташа ауырлық дәрежесіндегі) анықтамасы, олардың интеллектуалды дамуының бұзылу себептері мен ерекшеліктері талданады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың анықтамасы-ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар - бұл оқу үдерісінде дәстүрлі білім беру әдістері мен құралдары жеткіліксіз болатын балалар. Олардың ішінде жеңіл және орташа ауырлық дәрежесіндегі интеллектуалды дамудың бұзылуы бар балалар да кездеседі. Бұл балалардың оқу мен дамуында белгілі бір қиындықтар мен ауытқулар болады, сондықтан олар арнайы психологиялық, педагогикалық қолдауды қажет етеді.

Интеллектуалды дамудың бұзылу себептері-интеллектуалды кемістігі бар балалардың дамуындағы ауытқулардың әртүрлі себептері болуы мүмкін. Олардың ішінде генетикалық факторлар, ми жарақаттары, туғаннан кейінгі инфекциялар, неврологиялық бұзылыстар, экологиялық және әлеуметтік факторлар маңызды рөл атқарады. Кейбір балаларда интеллектуалды дамудың бұзылуы нәрестелік кезеңде немесе ерте балалық шақта болған аурулар мен жарақаттармен байланысты болса, басқаларында бұл ерекшеліктер тұқым қуалаушылық факторларға байланысты болуы мүмкін. Интеллектуалды кемістігі бар балалардағы психикалық танымдық процестердің ерекшеліктері

Зейін мен жады- бұл балаларда зейіннің тұрақсыздығы мен жадының төмендеуі байқалуы мүмкін. Олар ақпаратты сақтау, қайта жаңғырту және қолдану кезінде қиындықтарға тап болуы мүмкін.

Ойлау қабілеті- интеллектуалды дамудың бұзылуы бар балалардың ойлау процесі көбінесе баяу жүреді, олар күрделі тапсырмаларды шешуде қиындықтарға кездеседі. Абстрактілі ойлау қабілеттері әлсіз болуы мүмкін. Танымдық қабілеттер мен шешім қабылдау- бұл балалардың шешім қабылдау дағдылары және ақпаратты талдау қабілеттері шектеулі болуы мүмкін. Олар көбінесе қоршаған ортадан көмек пен қолдауды талап етеді. Сөйлеу және тіл дамуы- интеллектуалды кемістігі бар балаларда сөйлеу мен тілдің дамуы да артта қалуы мүмкін. Бұл балалар сөздер мен сөйлемдерді дұрыс қолдана алмауы немесе тілдік байланысты орнатуда қиындықтар туындауы мүмкін.

Психикалық процестердің дамуындағы қиындықтар:

Интеллектуалды кемістігі бар балалардың танымдық процестері көбінесе қиындықтар мен бұзылуларды қамтиды. Олар қоршаған ортадағы ақпаратты өңдеу, оны дұрыс қабылдау және әрекет ету барысында қателіктер жасайды. Бұл олардың оқу мен әлеуметтік өмірге бейімделуін қиындатуы мүмкін.

3.4 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар топтарының сипаттамасы.

Бұл бөлімде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың әртүрлі топтары сипатталады. Әр топтың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктері,

оларды оқыту мен дамыту әдістері туралы айтылған.

Интеллектуалды кемістігі бар оқушылар (жеңіл және орташа дәрежесі):

Интеллектуалды дамудың бұзылуымен ерекшеленетін балалар осы топқа жатады. Олар білім алу процесінде қиындықтарға тап болуы мүмкін, себебі олардың ойлау қабілеті баяу дамиды, абстрактілі ойлау дағдылары әлсіз болады. Жеңіл және орташа деңгейдегі интеллектуалды кемістігі бар балалардың оқу мүмкіндіктерін арттыру үшін арнайы оқыту әдістері мен қолдау көрсету қажет. Бұл балалардың ерекше қажеттіліктеріне сәйкес әртүрлі әдіс-тәсілдер мен материалдар қолданылады.

Сөйлеу және тіл дамуында бұзылыстары бар оқушылар (логопедиялық көмек):

Бұл топқа сөйлеу қабілеті мен тіл дамуында ауытқулары бар балалар кіреді. Олардың сөйлеу мен тілде кешігуі немесе дұрыс сөйлем құруда қиындықтары болуы мүмкін. Логопедиялық көмек пен арнайы әдістер қажет болады, мысалы, сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар, дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорын кеңейту үшін жұмыс жүргізіледі.

Есту қабілеті бұзылған оқушылар:

Бұл топқа есту қабілеті әлсіреген немесе мүлде жоғалған балалар жатады. Олар ақпаратты есту арқылы қабылдау мүмкіндіктеріне ие емес, сондықтан оларға көмек ретінде сурдопедагогика, жестовалық тіл, арнайы құралдар мен әдістер қолданылады. Мұғалімдер мен мамандар оқушыларға мәтінді оқып түсіндіру үшін жазбаша немесе көрнекі материалдарды қолдануы мүмкін.

Көру қабілеті бұзылған оқушылар:

Көру қабілеті төмен немесе мүлде жоғалған балалар бұл топқа жатады. Олардың оқу үдерісі көру арқылы ақпаратты қабылдауға негізделмейді. Көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту үшін тактильді әдістер, арнайы жазу құралдары (Брайль жүйесі), аудио материалдар және басқа да адаптациялар қолданылуы мүмкін.

Эмоционалдық және мінез-құлықтық бұзылыстары бар оқушылар:

Бұл топқа эмоционалдық жағдайы тұрақсыз, әлеуметтік дағдылары жетіспейтін немесе мінез-құлықтық ауытқулары бар балалар кіреді. Оларға психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету, стресс басқару, эмоционалды интеллектті дамыту бойынша арнайы бағдарламалар қажет. Мұғалімдер мен психологтар бұл балалармен жұмыс істеуде ерекше стратегияларды қолданады.

Қиындықтары бар оқушылар (зейін мен оқу дағдыларын дамыту):

Бұл топқа оқуда қиындықтар туындайтын, бірақ физикалық және психикалық дамуы қалыпты балалар кіреді. Оларға оқу процесінде қосымша қолдау мен ресурстар қажет, мысалы, арнайы оқу жоспары немесе қосымша сабақтар. Олар үшін оқу қарқынын баяулату, түсінуді жеңілдету үшін арнайы әдістер мен жаттығулар ұсынылады.

3.5 Мектеп жасындағы балалардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне сипаттама. Оқудағы қиындықтардың себептерін сипаттау.

Мектеп жасындағы балалардың психофизиологиялық дамуы олардың оқу мен өмір сүру дағдыларының қалыптасуы үшін маңызды кезең болып

табылады. Бұл кезеңде балалардың физикалық, психикалық және когнитивтік процестерінде бірқатар өзгерістер мен даму ерекшеліктері байқалады. Осы кезеңдегі балалардың психофизиологиялық ерекшеліктері мен оқу үдерісіндегі қиындықтар олардың білім алуына әсер етуі мүмкін.

Психофизиологиялық ерекшеліктер:

Физикалық даму:

Мектеп жасындағы балалардың физикалық дамуының кезеңдеріне сәйкес түрлі өзгерістер байқалады. Бұл кезеңде олардың бұлшықеттері, сүйектері мен жүйке жүйесі қарқынды дамып, үйлесімді қозғалыс дағдылары қалыптасады. Бала дағдыларына қарай жазу, оқу, сурет салу сияқты әрекеттерді жеңіл орындауға қабілетті болады, алайда қозғалыс үйлесімділігінің бұзылуы кейбір балаларда кездесуі мүмкін. Бұл олардың оқуға және физикалық белсенділікке қатысуына әсер етуі мүмкін.

Когнитивті даму:

Мектеп жасындағы балалардың ойлау қабілеті дамып, абстрактілі ойлауды бастайды. Олар нақты ойлаудан логикалық және абстрактылы ойлауға көшеді. Бірақ, бұл кезеңде балалардың ойлау процестері әлі толық қалыптаспағандықтан, олар ақпаратты толық қабылдауда, сараптауда және өз бетімен шешім қабылдауда қиындықтарға ұшырауы мүмкін. Сонымен қатар, зейін тұрақтылығы мен есте сақтау қабілетінде өзгерістер орын алуы мүмкін.

Эмоционалдық және әлеуметтік даму:

Бұл кезеңде балалар әлеуметтік қарым-қатынастарда белсенді бола бастайды. Олар өздерінің эмоцияларын дұрыс басқара алуды, топ ішінде жұмыс жасауды үйренеді. Алайда, мектеп жасындағы балалар көбінесе эмоциялық тұрақсыздықты сезінуі мүмкін, бұл оларды оқу мен топтық жұмыстарға қатысу барысында алаңдатуы мүмкін. Сонымен қатар, баланың өзіне деген сенімділігі мен өзін-өзі бағалауы әлі толық қалыптаспаған болуы мүмкін.

Сөйлеу және тіл дамыту:

Бұл жаста балалардың тіл дамыту деңгейі әртүрлі болуы мүмкін. Олар күрделі сөйлемдер қолдануды үйреніп, сөздік қорын кеңейтеді. Бірақ кейбір балаларда тілдік дағдылардың дамуының тежелуі мүмкін, бұл олардың оқу және өз ойларын жеткізу қабілетіне әсер етуі мүмкін. Тілдің дамуының артта қалуы, әсіресе мектепке дайындық кезеңінде, оқу қиындықтарын тудырады.

Оқудағы қиындықтардың себептері:

Зейіннің тұрақсыздығы мектеп жасындағы балалар үшін жиі кездесетін қиындықтардың бірі болып табылады. Бала сабақ кезінде ұзақ уақыт бойы зейінін шоғырландыруда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Зейіннің төмендеуі оқу материалын дұрыс қабылдауға, тапсырмаларды орындауға және оқу үдерісіне толық қатысуға кедергі жасайды.

Балалардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді есте сақтау қабілеті мектеп жасына қарай дамиды, бірақ бұл процеске әр бала әртүрлі жылдамдықпен жақындайды. Кейбір балалар үшін ақпаратты есте сақтау және қайта жаңғырту қиынға соғуы мүмкін. Олардың оқу материалын игеруі мен тапсырмаларды орындау нәтижелі болмауы мүмкін.

Әлеуметтік жағдайы немесе эмоционалдық тұрақсыздығы бар балалар

көбінесе оқуда қиындықтарға тап болады. Егер бала өзіне сенімсіз болса, қорқыныш немесе мазасыздықты сезінсе, ол сабаққа қатысуға және оқу тапсырмаларын орындауға құлықсыз болады. Эмоционалдық ауытқулар оқу үдерісіне әсер етеді, нәтижесінде баланың оқуға деген қызығушылығы төмендейді.

Көру және есту қабілеттері бұзылған балалар ақпаратты дұрыс қабылдауда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Олар мұғалімнің айтқанын немесе оқулықтағы мәтінді түсіну үшін арнайы әдістер мен құралдарды қолдануды талап етеді. Бұл жағдай олар үшін оқу материалын игеруді қиындатуы мүмкін.

Физикалық даму ерекшеліктері-көбінесе, физикалық дамуында ауытқулары бар балалар (мысалы, қозғалыс қиындықтары немесе моториканың бұзылуы) оқу үдерісінде қиындықтарға тап болуы мүмкін. Мұндай балалардың жазу немесе сурет салу сияқты әрекеттерде қиындықтар туындауы мүмкін, бұл олардың оқу нәтижелеріне әсер етеді.

Оқу мотивациясының төмендігі-баланың оқу мотивациясы оның оқудағы жетістіктеріне тікелей әсер етеді. Оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі немесе мотивацияның болмауы оқу процесінің нәтижесіне теріс әсер етуі мүмкін. Бұл жағдайда арнайы мотивациялық әдістер мен қолдау қажет.

3.6 Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау алгоритмі

Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау - бұл оқушының білім алу барысында кездесетін қиындықтарды түсіну және оны жеңу үшін қажетті әдістер мен қолдау шараларын анықтау үдерісі. Бұл процесс оқушылардың әртүрлі мүмкіндіктерін, қабілеттерін және қажет болатын көмектерін ескере отырып, оқу процесінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Бастапқы мәліметтерді жинау

Отбасымен және мектеппен байланыс- оқушының физикалық, психологиялық және әлеуметтік жағдайы туралы ақпарат алу үшін отбасы мүшелерімен және мұғалімдермен әңгімелесу.

Медициналық құжаттама- мүмкіндігі шектеулі оқушыға қатысты дәрігерлік қорытындылар мен диагноздарды алу.

Академиялық және әлеуметтік ахуал- оқушының оқу үлгерімі, қарым-қатынас дағдылары және әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесуінің ерекшеліктерін анықтау.

Психологиялық-педагогикалық диагностика

Қабілеттер мен дағдыларды бағалау- оқушының оқудағы, мінез-құлықтағы, сөйлеудегі және әлеуметтік қарым-қатынастардағы дағдыларын зерттеу. Бұл кезеңде оқу материалын қабылдаудағы қиындықтарды, көңіл-күй мен мотивация деңгейін, зейін мен есте сақтау қабілетін анықтау маңызды.

Психолог және арнайы педагогтың диагностикасы-мүмкіндігі шектеулі оқушының психологиялық жағдайы мен даму деңгейін бағалау үшін арнайы мамандарды (психолог, арнайы педагог) тартып, оның жеке ерекшеліктерін анықтау.

Логопедтік және сөйлеу диагностикасы- егер оқушының сөйлеу тілінде қиындықтар болса, логопед маманының көмегімен сөйлеу қабілеттерін бағалау.

Тұрақты бақылау және мониторинг

Үнемі бақылау- оқушының оқу үдерісіндегі өзгерістерін үнемі бақылау және қолдау шараларын қажет болған жағдайда қайта қарау.

Ата-аналармен және педагогтармен кері байланыс: Бала мен оның оқыту барысы бойынша ата-аналармен және мұғалімдермен тұрақты байланыста болу. Бұл ақпаратты біріктіру нәтижесінде оқушының ерекше қажеттіліктері туралы толық көрініс қалыптасады.

Жеке білім беру бағдарламасын әзірлеу

Қажеттіліктерді талдау- мүмкіндігі шектеулі оқушының жеке білім алу қажеттіліктері мен қиындықтары анықталғаннан кейін, оған сәйкес жеке білім беру бағдарламасы (ЖББ) әзірленеді.

Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері- оқушының қажеттіліктеріне негізделген нақты мақсаттар мен міндеттер анықталады. Бұл бағдарламалар оқушының оқу қабілетіне сай бейімделеді.

Бағалау және түзету- оқу процесі барысында оқушының нәтижелерін бағалау және қажет болған жағдайда түзету жұмыстарын жүргізу.

Қолдау шараларын жүзеге асыру

Арнайы педагогикалық әдістер- оқушыға сәйкес келетін арнайы оқыту әдістері мен техникаларын қолдану (мысалы, визуализация, инклюзивті технологиялар).

Қосымша педагогикалық көмек- психологтар, арнайы педагогтар, логопедтер мен педагог-ассистенттердің көмек көрсетуі.

Адаптацияланған оқу бағдарламасы- ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға арналған оқу жоспарының бейімделуі.

Қорытынды және бақылау

Қорытынды бағалау- оқушының оқу нәтижелерін жүйелі түрде бағалау, мүмкіндіктерін анықтау және білім беру бағдарламасының тиімділігін тексеру.

Ұзақ мерзімді мониторинг- оқушының даму динамикасы мен прогрессін ұзақ мерзімді бақылау.

3.7 Оқу бағдарламаларын дамыту, жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу.

Оқу бағдарламаларын дамыту және жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу -бұл мүмкіндігі шектеулі оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, олардың оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру мақсатында жүзеге асырылатын маңызды іс-шаралар. Бұл үдеріс инклюзивті білім беруді іске асыру үшін педагогикалық тәсілдерді, әдістерді және ресурстарды бейімдеуді көздейді.

Оқу бағдарламаларын дамыту

Жалпы білім беру бағдарламаларын талдау- қазіргі оқу бағдарламаларының қолжетімділігі мен тиімділігін бағалау. Бұл кезеңде жалпы білім беру бағдарламаларының оқушылардың түрлі білім беру қажеттіліктеріне

каншалықты сәйкес келетіндігін анықтау маңызды.

Инклюзивті әдістерді енгізу- оқу бағдарламаларында инклюзивті білім беру әдістерін қолдану, оның ішінде дифференциалды оқыту, оқу жоспарларының бейімделуі және қосымша ресурстарды пайдалану.

Мазмұнды бейімдеу- оқушының қабілетіне және ерекше білім беру қажеттіліктеріне байланысты оқу мазмұнын және материалдарын қайта карау. Мазмұнды жеңілдету, визуализация әдістерін қолдану, интерактивті құралдар мен технологияларды енгізу.

Жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеу

Жеке қажеттіліктерді анықтау- әр оқушының жеке мүмкіндіктері мен білім алу қажеттіліктерін зерттеу. Бұл үшін психолог, арнайы педагог және басқа мамандардың көмегімен оқушының психологиялық-педагогикалық жағдайы мен даму деңгейі бағаланады.

Максаттар мен міндеттерді қою- әр оқушыға жеке білім беру мақсаттары мен міндеттерін нақтылап қою. Бұл мақсаттар оқушының даму деңгейіне, оқу қабілеттеріне және әлеуметтік қажеттіліктеріне негізделеді.

Оқу процесін жоспарлау- жеке білім беру бағдарламасы бойынша оқу жоспары мен оқыту стратегияларын әзірлеу. Бұл жоспарлар оқушының ерекше қажеттіліктеріне жауап беруі және оны толыққанды оқытуға мүмкіндік беруі тиіс.

Адаптация мен бейімделу- оқу материалдарын бейімдеу және оқу әдістерін ерекше қажеттіліктері бар балаларға сәйкес келтіру. Бұл қажеттіліктер оқушының когнитивті, әлеуметтік және физикалық даму деңгейлеріне қарай өзгереді.

Жеке білім беру бағдарламаларын енгізу

Оқытуды ұйымдастыру- жеке білім беру бағдарламасы бойынша оқытуды ұйымдастыру, мұғалімдер мен оқушыларға қажетті ресурстарды қамтамасыз ету. Бұл кезеңде мұғалімдер жеке жоспарларды іске асыруға дайын болуы тиіс.

Қолдау көрсету- оқушыларға жеке көмек көрсету үшін арнайы мамандар (педагог-ассистент, психолог, логопед, арнайы педагог) тарту. Олар оқушыларға оқу барысында көмек көрсету, тапсырмаларды орындау және материалдарды игеруге көмек беруге жауапты болады.

Инклюзивті оқыту стратегияларын қолдану- оқушылардың әртүрлі қажеттіліктерін ескеретін бейімделген әдістер мен стратегияларды қолдану (мысалы, визуалды және тактильді құралдарды пайдалану, сынып ішіндегі топтық жұмыстар).

